

Осы Келісімнің күші Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автомобиль көлігімен өткізілетін транзиттік тауарларға қолданылады.

Осы Келісім 1975 жылғы Халықаралық жол тасымалы кітапшасын қолдана отырып, Халықаралық жүк тасымалдау туралы кеден конвенциясына сәйкес жүзеге асырылатын тауарлар тасымалдарына қолданылмайды.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органдары :

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі;

Қырғыз Республикасының Үкіметі атынан - Қырғыз Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Кірістер жөніндегі комитеттің Кеден қызметі департаменті болып табылады .

Тараптар мемлекеттері уәкілетті органдарының ресми атаулары немесе функциялары өзгерген кезде, Тараптар дипломатиялық арналар бойынша уақтылы хабардар етілетін болады.

3-бап

Тауарларды транзитпен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автомобиль көлігімен кедендік бақылаумен өткізу тауарға ілеспе құжаттардың, Қырғыз Республикасында кедендік төлемдер мен салықтарды төлеудің қамтамасыз етілгендігі туралы құжаттың және тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатының негізінде жүзеге асырылады .

Қырғыз Республикасында кедендік төлемдер мен салықтарды төлеудің қамтамасыз етілгендігі туралы құжатты тасымалдаушыға Қырғыз Республикасының кеден органы б е р е д і .

Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатын Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген тәртіппен толтырады және Тараптар тауарлардың тағайындалған кеден органына дейін жеткізілгендігін растайтын құжат ретінде таниды.

4-бап

Осы Келісімге сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автомобиль көлігімен кедендік бақылаумен өткізу Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген тауарлар мен көлік құралдарының жеткізілуін қамтамасыз ету шаралары қолданылмастан жүзеге асырылады.

5-бап

Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автомобиль көлігімен өткізу Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының ережелерімен айқындалатын өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

6-бап

Осы Келісімнің күші Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті тек Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарлардың қауіпсіздігі жөнінде белгілеген талаптар мен экспорттық бақылау саласындағы, сондай-ақ кедендік төлемдер мен салықтардың төлемінің қамтамасыз ету жөніндегі шаралар сақталған кезде ғана жүзеге асырылатын тауарларға қолданылмайды.

7-бап

Тараптардың уәкілетті органдары ай сайын осы Келісімге сәйкес кедендік бақылаумен өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы ақпаратпен алмасатын болады.

8-бап

Тауардың тағайындалған кеден органына дейін жеткізілмеу фактісі расталған кезде, қырғыз Тарабы 30 күннің ішінде қазақстан Тарабына залалды өтеуді қамтамасыз етуге м і н д е т т е н е д і .

Қазақстан Тарабы тауарлардың жеткізілмеуіне байланысты өтем алу үшін олардың түрлерін, ставкалары мен сомаларын сипаттай отырып, қырғыз Тарабына тиісті кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу жөнінде жазбаша талап жолдауы тиіс.

Тауар автомобиль көлігімен тағайындалған кеден органына дейін жеткізілмеген жағдайда тиісті кедендік төлемдер мен салықтардың сомаларын есептеу Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап

Тауар автомобиль көлігімен тағайындалған кеден органына дейін жеткізілмеген жағдайда, Тараптар аумағында тауардың жеткізілмеу фактісі анықталған Тарапты тергеудің нәтижелері туралы жазбаша хабардар ете отырып, осындай фактілер бойынша тергеу жүргізуге міндеттенеді.

Тауарлардың автомобиль көлігімен жеткізілмеу фактілері бойынша тергеу жүргізу үшін Тараптардың өзара келісімі бойынша Тараптардың кеден органдары өкілдерінен бірлескен жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген Хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және Тараптардың осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалуда және Тараптардың бірі оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

_____ жылғы "____" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін